



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21.04. 2023 ж.
Сауран ауданы

№ 103 - Н/К
район Сауран

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін құру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2020 жылы 30 желтоқсанда бекіткен «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдары» (бұдан әрі - әдістемелік ұсынымдар) негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасының «Сауран аудандық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі құрылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жүзеге асыруға жауапты заңгер Абубакирова Лаззат Акимжановна тағайындалып, қызметтік нұсқаулығына құқықтары мен міндеттері енгізілсін.
3. Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ережесі бекітілсін /№1 қосымша тіркеледі/.
4. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшы

Б. Стамкулов

Келісілді:

Заңгер: Л.Абубакирова

Орындаған:

МБ инспекторы:

Таныстырылды: